



АБАЙ АТЫНДАҒЫ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР
ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ
БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» КММ

АТАУЛЫ
КҮНДЕР КҮНТІЗБЕСІ
2025 ЖЫЛ



ҚАРАҒАНДЫ 2024

ӘОЖ 016 (059.3) (574)

А 90

Атаулы күндер күнтізбесі 2025 жыл [Мәтін] / Құраст.: Ұ. Жамауова. – Қарағанды: «Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы» КММ, 2024. – 35 б.

Жауапты: Уатаева Б.Қ., Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының басшысы

Құрастырушы: Жамауова Ұ.Ө., инновациялық-әдістемелік бөлімінің әдіскері

Оқырманға

2025 жылға арналған маңызды және атаулы күндер күнтізбесі – Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының инновациялық-әдістемелік бөлімі ұсынатын жыл сайынғы басылым.

Бұл басылымда Қазақстан Республикасының мемлекеттік, кәсіби және өзге де мерекелері, мерейтойлық күндер мен жазушы, ақын, қоғам қайраткерлерінің өмірі мен қызметі, 2025 жылы аталып өтілетін мәдениет және өнер қайраткерлерінің, ғалымдардың, Қазақстан Республикасының және шет елдердің маңызды және атаулы күндері, сондай-ақ атап өтілетін күні мен айы белгіленбеген атаулы күндер тізбесі көрсетілген.

Күнтізбеде қазақстандық балалар жазушыларының, балалар кітаптарының иллюстраторларының шығармашылық қызметі туралы ақпараттық анықтамалар және Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының қорынан алынған әдебиеттер тізімі бар. Сондай-ақ, басылымда күнтізбеге енгізілген тұлғалар туралы ауқымды ақпарат алуға мүмкіндік беретін интернет ресурстарға сілтемелер берілген.

Әдебиеттердің библиографиялық тізімі алфавиттік тәртіпте орналасқан.

Жеке бөлімде қазақстандық және шетелдік авторлардың 2025 жылғы мерейтойлық кітаптары көрсетілген.

Қарағанды облысы бойынша аталып өтетін өлкетану күндері (*) белгісімен, шығармашылығы бойынша ақпараттық анықтамалар жасалған балалар авторлары (***) белгісімен белгіленді.

Басылым кітапханашыларға, педагогтерге, тәрбиешілерге арналған.

Күнтізбе қазақ және орыс тілдерінде жеке басылым болып шығарылды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕРЕКЕЛІК КҮНДЕРІ

Ұлттық мереке

25 қазан

Республика күні

Мемлекеттік мерекелер

1-2 қаңтар

Жаңа жыл

8 наурыз

Халықаралық әйелдер күні

21-23 наурыз

Наурыз мейрамы

1 мамыр

Қазақстан халқының бірлігі күні

7 мамыр

Отан қорғаушылар күні

9 мамыр

Жеңіс күні

6 шілде

Астана күні

30 тамыз

Қазақстан Республикасының
Конституциясы күні

16 желтоқсан

Тәуелсіздік күні

МЕРЕКЕЛІК КҮНДЕР

2 ақпан

Ұлттық басылым күні

15 ақпан

Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен
шығарылған күні

1 наурыз

Алғыс айту күні

23 сәуір

Ұлттық кітап күні

мамырдың екінші
жексенбісі

Аналар күні

31 мамыр

Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық
кұрбандарын еске алу күні
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік рәміздері күні

4 маусым

маусымның үшінші
жексенбісі

Әкелер күні

шілденің бірінші
жексенбісі

Ұлттық домбыра күні

10 тамыз

Абай күні

тамыздың үшінші
жексенбісі

Спорт күні

29 тамыз

Семей ядролық сынақ полигонының
жабылған күні

1 қыркүйек

Білім күні

қыркүйектің екінші
жексенбісі

Отбасы күні

5 қыркүйек	Қазақстан халқының Тілдері күні
қыркүйектің соңғы жексенбісі	Еңбек күні
1 қазан	Қарттар күні
1 қазан	Радио күні
16 қазан	Нан күні
11 қараша	Энергияны үнемдеу күні
15 қараша	Ұлттық валюта – теңге күні
1 желтоқсан	ҚР-ның бірінші президенті күні

Демалыс күндері (ҚР Еңбек кодексінің 84-бабы; 5-тармағы)

7 қаңтар	православиялық Рождество
7 маусым (болжам б-а)	Мұсылман күнтізбесі бойынша атап өтілетін Құрбан айттың бірінші күні

2025 ЖЫЛ

**ИФЛА Дүниежүзілік кітапханалық және ақпараттық конгресі
Қазақстан астанасында
Қазақстандағы жұмысшы мамандықтардың жылы
Қазақстандағы Қытай туризмінің жылы
ЮНЕСКОға енген маңызды күндер**

2025 жыл	композитор және дирижер Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл (1925-1998)
2025 жыл	Рио-де-Жанейро (Бразилия) – Дүниежүзілік кітап астанасы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЖӘНЕ
АТАУЛЫ КҮНДЕРІ**

Қаңтар

5 қаңтар**	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы, драматург, ақын Қадыр Мырза Әлідін туғанына 90 жыл (1935-2011)
8 қаңтар**	Балалар жазушысы, журналист Виталий Старковтың туғанына 90 жыл

Ақпан

20 ақпан Ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі **Сәбит Бексеиттің туғанына 75 жыл (1950-2020)**

Наурыз

1 наурыз Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен құрылған **«Қазақстан халқы Ассамблеясына» 30 жыл (1995 ж.)**

6 наурыз Суретші, Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі, балалар кітаптарының иллюстраторы **Балтабай Табылдиевтің** туғанына 85 жыл (1940-1994)

14 наурыз** «Қазақстан пионері» газетінің алғашқы басылымының шыққанына 95 жыл, қазіргі **«Ұлан»** газеті (1930)

20 наурыз Халықаралық Физули сыйлығының лауреаты, ақын **Тұманбай Молдағалиевтың** туғанына 90 жыл (1935-2011)

23 наурыз* Қаз КСР ғылым академиясының академигі, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, жазушы **Ебіней Бөкетовтың** туғанына 100 жыл (1925-1983)

29 наурыз* Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Абай сыйлығының лауреаты, ақын **Серік Ақсұңқарұлының** туғанына 75 жыл (1950)

Сәуір

1 сәуір Халық қаһарманы, қазақтың әйгілі күйші композиторы, дирижер, дәулескер домбырашы **Нұрғиса Тілендиевтің** туғанына 100 жыл (1925-1998)

15 сәуір** Ұлы Отан соғысының қатысушысы, ҚР халық жазушысы, публицист **Сәуірбек Бақбергенұлының** туғанына 100 жыл (1920-1997)

25 сәуір* Мемлекет және қоғам қайраткері, Қаз АКСР Халық Комиссарлары кеңесінің төрағасы **Нығмет Нұрмақовтың** туғанына 130 жыл (1895-1937)

29 сәуір* Балалар жазушысы **Сансызбай Сарғасқаевтың** туғанына 100 жыл (1925-1995)

Мамыр

5 мамыр ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ҚР кітапханалар қауымдастығының президенті, кітапхана саласының майталман маманы **Роза Бердіғалиеваның** туғанына 80 жыл (1945-2015)

9 мамыр 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы (1930-1982)

15 мамыр**	Қазақстан Жазушылар одағы және журналистер одағының мүшесі, «Алаш» Халықаралық әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы Ақыш Нұрдәулеттің туғанына 75 жыл (1950)
24 мамыр*	Жазушы, журналист, публицист Валерий Могильницкийдің туғанына 80 жыл
25 мамыр	Балалар ақыны <u>Оразақын Асқардын</u> туғанына 90 жыл (1935-2019) Шахтер, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы, Даңқ ордендерінің иегері Иван Карабановтың туғанына 100 жыл (1925-2008)
26 мамыр*	ҚР еңбек сіңірген әртісі, «Құрмет» орденінің иегері, режиссер, актер Айдос Бектеміровтің туғанына 75 жыл (1950)
Маусым	
1 маусым*	Қазақстанның халық әртісі, ҚР мемлекеттік сыйлығының иегері, профессор Қайрат Байбосыновтың туғанына 75 жыл (1950)
10 маусым	Жазушы Тынымбай Нұрмағамбетовтың туғанына 80 жыл (1945)
Тамыз	
10 тамыз	Ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл (1845-1904)
25 тамыз	Ұлы Отан соғысының ардагері, жазушы Қалмұқан Исабаевтың туғанына 100 жыл (1925-2015)
30 тамыз	Қазақстан Республикасының Конституциясының қабылданғанына 30 жыл (1995)
Қыркүйек	
10 қыркүйек*	Сазгер, ҚР Композиторлар одағының мүшесі Людмила Мельникованың туғанына 70 жыл (1955)
12 қыркүйек**	Балалар жазушысы <u>Толымбек Әбдірайымның</u> туғанына 70 жыл (1955)
Қазан	
1 қазан*	Теміртау қаласының құрылғанына 75 жыл (Самарқанд кентіне қала дәрежесі беріліп – Теміртау қаласы атанды) (1945)
4 қазан	Орта Азияның табиғатын, этнографиясын зерттеген саяхатшы, географ, этнограф, фольклоршы Григорий Потаниннің туғанына 190 жыл (1835-1920)

Қараша

12 қараша Композитор, Қазақ КСР халық әртісі, Қазақ КСР Мемлекеттік Әнұранының авторларының бірі **Евгений Брусиловскийдің** туғанына 120 жыл (1905-1938)

24 қараша** Балалар жазушысы **Сапарғали Бегалиннің** туғанына 130 жыл (1895-198)

Желтоқсан

15 желтоқсан** Прозашы, әдебиеттанушы, балалар ақыны **Өтебай Тұрманжановтың** туғанына 120 жыл (1905-1978)

28 желтоқсан* Осакаров ауданының құрылғанына 85 жыл (1940)

КҮНІ ЖӘНЕ АЙЫ БЕЛГІСІЗ АТАУЛЫ КҮНДЕР

560 жыл **Қазақ хандығының** құрылғанына (1465)

350 жыл Батыр, жырау **Ақтамберді Сарыұлының** туғанына (1675-1768)

190 жыл Қазақтың ұлы ғалымы, шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы **Шоқан Уәлихановтың** туғанына
Қазақ халқының әйгілі әнші-сазгері, ақын **Жаяу Мұса Байжанұлының** туғанына

175 жыл* Ақын **Доскей Әлімбайұлының** туғанына (1850-1946)

160 жыл* Композитор, ақын, әнші **Шашубай Қошқарбаевтың** туғанына (1865-1933)

95 жыл* **Халықтар Достығы** орденді **К.С. Станиславский** атындағы **Қарағанды мемлекеттік орыс драма театрының** құрылғанына (1930)

90 жыл мультфильм суретшісі, балалар кітаптарының иллюстраторы, балаларға арналған «Насмешливый заяц» поэзия кітабының авторы **Владимир Безелюктің** (1935 -?)

80 жыл* Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі **Аман Жанғозиннің** туғанына (1945)

70 жыл* **Кеншілер мәдениет сарайының** құрылғанына (1950)
Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің құрылғанына (1950)

75 жыл **Қарағанды облысының Ақтау кентінің** құрылғанына (1950)

50 жыл Қазақстандық **«Жалын»** баспасының негізі

қаланғанына (1975)
25 жыл Қазақстандық «Аруна» балалар баспасының
құрылғанына (2000)

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ РЕСЕЙЛІК АВТОРЛАРДЫҢ, БАЛАЛАР КІТАПТАРЫ ИЛЛЮСТРАТОРЛАРЫНЫҢ МЕРЕЙТОЙЛЫҚ КҮНДЕРІ

Қаңтар

4 қаңтар** Неміс филологы, ертегіші [Якоб Людвиг Карл Гриммнің](#) туғанына 240 жыл (1785-1863)
7 қаңтар Ағылшын жазушысы Джеральд Дарреллдің туғанына 100 жыл (1925-1995)
19 қаңтар** Орыс балалар жазушысы [Лидия Чарскийдің](#) туғанына 150 жыл (1875-1937)

Наурыз <http://csdb62.ru/blog/lyudi-i-sudby/:18801>

10 наурыз** Орыс балалар жазушысы Анатолий Мошковскийдің туғанына 100 жыл (1925-2008)

Сәуір

2 сәуір** Дат балалар жазушысы [Ханс Кристиан Андерсеннің](#) туғанына 220 жыл (1805-1875)
5 сәуір Графикалық суретші, балалар кітаптарының иллюстраторы [Юрий Васнецовтың](#) туғанына 125 жыл (1900-1973)

Мамыр

29 мамыр Графикалық суретші, балалар кітаптарының иллюстраторы [Майя Митурич-Хлебниковтың](#) туғанына 100 жыл (1925-2008)

Маусым

29 маусым Француз жазушысы, ақын Антуан де Сент-Экзюперидің туғанына 120 жыл (1900-1944)

Тамыз

16 тамыз Ресей жазушысы [Радий Погодиннің](#) туғанына 100 жыл (1925-1993)

Қыркүйек

13 қыркүйек Ресей жазушысы Альберт Лихановтың туғанына 90 жыл (1935)
26 қыркүйек Мультфильм суретшісі, балалар кітаптарының иллюстраторы [Виктор Чижиковтың](#) туғанына 90 жыл (1935-2020)

Қазан

16 қазан** Орыс жазушысы, драматург, балалар кітаптарының авторы [Лия Гераскинаның](#) туғанына 115 жыл (1910-2010)

26 қазан Орыс жазушысы [Владимир Железниковтың](#) туғанына 100 жыл (1925-2015)

Қараша

30 қараша Американдық жазушы **Марк Твеннің** туғанына 190 жыл (1835-1910)

Желтоқсан

30 желтоқсан** Балалар өлеңдер жинағының авторы, орыс жазушысы, ақын [Даниил Хармстың](#) туғанына 120 жыл (1905-1942)

Ағылшын жазушысы **Джозеф Киплингтың** туғанына 160 жыл (1865-1936)

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АВТОРЛАРДЫҢ МЕРЕЙТОЙ КІТАПТАРЫ

125 жыл «Еңлік-Кебек» поэмасы басылымына (1900)

100 жыл А.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні мен күйі» кітабына (1925)

80 жыл Ғабиден Мұстафиннің «Шығанақ» романына (1945)

Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романына (1945)

Мариям Хәкімжанованың «Мәншүк» поэмасына (1945)

Сапарғали Бегалиннің «Жылқышы» әңгімесіне (1945)

65 жыл С.Бегалиннің «Жеткіншектер» әңгімелер жинағына (1960)

Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» повесі (1960)

М.Әлімбаевтың «Алатаудың баурайында» жинағына (1960)

55 жыл Қ. Баянбаевтың «Ақ шағала» балаларға арналған өлеңдер жинағына (1970)

50 жыл М. Қабанбаевтың «Бақбақ басы толы күн» повесіне (1975)

С.Қалиеваның балаларға арналған «Сәлем саған, мектебім!» өлеңдер жинағына (1975)

Е.Өтетілеуовтің «Алақай» балаларға арналған өлеңдер

- жинағына (1975)
 45 жыл М.Қабанбаевтың «**Арыстан, мен және виолончель**» повесіне (1980)
 40 жыл М.Әлімбаевтың «**Что на что похоже**» өлеңдер жинағына (1985)

ШЕТЕЛДІК АВТОРЛАРДЫҢ МЕРЕЙТОЙ КІТАПТАРЫ

- 190 жыл Г.Андерсеннің «**Дюймовочка**» ертегісіне (1835)
 160 жыл М. Додж «**Серебряные коньки**» хикаяларына (1865)
 Л. Кэрроллдың «**Алиса в стране чудес**» ертегі-повесіне (1865)
 150 жыл Ж.Верннің «**Таинственный остров**» романына (1875)
 100 жыл С.Маршактың «**Сказка о глупом мышонке**» ертегісіне (1925)
 90 жыл С.Михалковтың «**Дядя Степа – милиционер**» поэмасына (1935)
 80 жыл А.Линдгреннің «**Пеппи Длинный чулок**» ертегі-повесіне (1945)
 В.Катаевтың «**Сын полка**» повесіне (1945)
 М.Пришвиннің «**Кладовая солнца**» повесіне (1945)
 70 жыл А.Линдгреннің «**Малыш и Карлсон, который живет на крыше**» кітабына (1955)
 В.Сутеевтің «**Кто сказал «мяу?»**» ертегісіне (1955)
 60 жыл Н.Носовтың «**Незнайка на Луне**» роман-ертегісіне (1965)
 Н.Думбадзенің «**Я вижу солнце**» роман-ертегісіне (1965)
 50 жыл А.Алексиннің «**Третий в пятом ряду**» повесіне (1975)

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАЛАЛАР ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ- МЕРЕЙТОЙЛАРЫ МЕН БАЛАЛАР КІТАПТАРЫ ИЛЛЮСТРАТОРЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҚ АНЫҚТАМА

Балалар жазушысы Сапарғали Бегалиннің туғанына 130 жыл (1895-1983)



Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Сапарғали Ысқақұлы Бегалин 1895 жылы 24 қараша Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Дегелең ауылында дүниеге келген. 1915 жылы Семей қаласындағы орыс-қырғыз (қазақ) училищесін бітірген.

1916 жылы I-дүниежүзілік соғыс майданының қара жұмысына алынған.

1929-1935 жылдары Дегелең болыстық атқару комитетінің төрағасы, Қарқаралы уездік атқару комитетінің мүшесі, бөлім меңгерушісінің орынбасары, аудандық халық соты қызметтерін атқарған. Қазақ егіншілік халық комиссариатында, Түркісіб темір жол басқармасында жауапты қызметтерде болған. 1935-1956 жылдары «Темір жолшы» газетінде, Қазақстан Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтында, Қазақстан Жазушылар одағында қызмет етті. С.Бегалин шығармашылық жолын өлең жазудан бастаған. Оның «Қазақ қызбозбалаларына» деген тұңғыш өлеңі 1914 жылы «Айқап» журналында басылған. 1916 жылы жазған «Азамат арманы», «Көшер ме тұман серпіліп» деген өлеңдерінде Ресей өкіметі саясатына қарсы ой-пікір білдірген. Кейін бейнелі ой тереңдігімен, лирикалық-романтикалық толғаныстарымен елдегі өзгерістерді, Ұлы отан соғысында ерлік көрсеткен қаһармандар тұлғасын, туған жердің сұлу көркін шабыттана жырлаған «Қыран көгі», «Цимлян теңізі», «Сырлы қайнар» т.б. өлеңдер мен поэмалары жарық көрді. Жас ұрпақтың өмір тануына, табиғат сырын ұғынуына ықпал етіп, оларды отанды сүю рухында тәрбиелейтін «Көксегеннің көргендері», «Ермектің алмасы», «Сәтжан», «Жасбұтақ», «Жеткіншектер», «Шоқан асулары», «Қыран туралы аңыз», 2 томдық таңдамалы шығармаларының жинағы т.б. әңгімелер мен повестер жинақтары, «Замана белестері» атты романы жарық көрді. Сонымен қатар, қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, зерттеу саласында да қарымды еңбек жасады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып, И.Байзақов, Д.Әлімбаев, Ш.Қошқарбаев,

Т.Көбдіков сынды халық ақындарының шығармаларын жарыққа шығарып, зерттеу жүргізген. Ж.Жабаевтың өскен ортасы, арғы тегі, алған тағлымы туралы «Жамбылдың ата тегі, өмірі» атты-монография жазды. Тәттімбет, Әміре, Естай, Майра, Қажымұқан, Әбікен, Қалыбек өнерін кейінгі ұрпаққа таныстыруға мол еңбек сіңірген.

Т.Г.Шевченко, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтовтың жекелеген өлеңдерін, Д.Н.Мамин-Сибиряк, Л.В.Соловьевтің кейбір әңгімелері мен повестерін қазақ тіліне аударған.

Ақынның «Қарагөз», «Көктем», «Бесік жыры», «Ақ көгершін», «Сағындым сені, сәулем-ау» т.б. 50-ге тарта өлеңдеріне ән шығарылған. Жазушы шығармалары көптеген тілдерге аударылған. Халықтар достығы, екі рет «Құрмет белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Қазақ тіліндегі әдебиеттер тізімі:

1. Бақыт: әңгімелер жинағы / С. Бегалин. - Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956. - 142 б.

2. Бала Шоқан / С. Бегалин // Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы / құраст.: Б. Қошым-Ноғай.- Алматы, 2021.- Т.6: Алтын киік. - 4-103 б.

3. Екі томдық шығармалар. Т.1. Замана белестері / С. Бегалин. – Алматы : Жазушы, 1979. - 440 б.

4. Екі томдық шығармалар. Т.2. Повесть пен әңгімелер / С. Бегалин. - Алматы : Жазушы, 1979. - 284 б.

5. Ермектің алмасы / С. Бегалин. – Алматы : Жалын, 1985. – 24 б.

6. Жамбыл : өмірбаяндық хикаят / С. Бегалин. – Алматы : Жалын, 1996. - 184 б.

7. Жеткіншек : таңдамалы әңгімелер / С. Бегалин. – Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. - 390 б.

8. Замана белестері: роман / С. Бегалин. - Алматы: Жазушы, 1975. - 368 б.

9. Көксегеннің көргендері / С.Бегалин. - Алматы : Атамұра, 2007. - 280 б.

10. Көп томдық шығармалар жинағы Т.1. Естеліктер /С. Бегалин. - Алматы : Балалар әдебиеті, 2007. - 248 б. - (Балалар әдебиеті).

11. Көп томдық шығармалар жинағы Т.2. Өлеңдер мен поэмалар / С. Бегалин. - Алматы: Балалар әдебиеті, 2007. - 252 б.

12. Көп томдық шығармалар жинағы Т.3. Әңгімелер / С. Бегалин. - Алматы: Балалар әдебиеті, 2008. - 352 б.

13. Көп томдық шығармалар жинағы Т.4. Бала Шоқан / С.Бегалин. - Алматы : Балалар әдебиеті, 2009. - 268 б.
14. Көп томдық шығармалар жинағы Т.5. Жамбыл: өмірбаяндық хикаят / С. Бегалин. - Алматы : Балалар әдебиеті, 2009. - 268 б.
15. Көп томдық шығармалар жинағы Т.6. Замана белестері / С. Бегалин. – Алматы : Балалар әдебиеті, 2010. - 336 б. - (Балалар әдебиеті).
16. Қазым, қазым қаңқылда. Қоян. Құлыншақ / С. Бегалин // Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы / құраст.: Б. Қошым-Ноғай.- Алматы, 2021.- Т. 2: Ағайынбыз бәріміз. – 42 б.
17. Қыран туралы аңыз / С. Бегалин. - Алматы : Жалын,1976. - 280 б.
18. Сахара сандуғаштары: естеліктер мен естігендер / С. Бегалин. - Алматы: Қазақстан, 1976. - 168 б.
19. Саяхатшылар / С. Бегалин. - Алма-Ата : Казгослитиздат, 1954. - 8 б.
20. Сәтжан: повестер мен әңгімелер / С. Бегалин. – Алматы: Жалын, 1978. - 168 б.
21. Таңдамалы өліңдері мен поэмалары / С. Бегалин. – Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956. - 223 б.
22. Шоқан асулары: хикаят / С. Бегалин. - Алматы : Жазушы, 2007. - 240 б. - (Қазақ балалар әдебиетінің қазынасы).
23. Шығармалар : өлеңдер мен поэмалар / С. Бегалин. – Алматы : Жазушы, 1966. - 436 б.

Орыс тіліндегі әдебиеттер тізімі:

1. Сәтжан / С. Бегалин. - Алматы : ГДБ им. С.Бегалина, 2010. - 60 с.
2. Соколиная охота : рассказы / С. Бегалин. - Алматы: Жазушы, 1988. - 96 с.
3. Чокан Валиханов: повесть / С. Бегалин ; пер. С. Санбаев. - М.: Дет. лит., 1976. - 174 с.
4. Стихи и поэмы / С. Бегалин. - Алма-Ата: Худож. лит., 1958. - 140 с.
5. Еж Есена : рассказ / С. Бегалин; пер. М. Рогов ; худож. А. Дузельханов. - Алматы : Жалын, 1980. - 12 с.
6. Рассказы / С. Бегалин. - Алма-Ата : Худож. лит., 1957. - 148 с.
7. Коксеген / С. Бегалин; сост. И. Г. Смирнова. - Алматы: ГДБ им. С.Бегалина, 2010. - 64 с.

8. Стихи и поэмы / С. Бегалин. - Алма-Ата: Худож. лит., 1955. - 140 с.
9. Молодой охотник: рассказы / С. Бегалин. - М. : Дет. лит., 1958. - 128 с.
10. Соколиная охота: рассказы / С. Бегалин. - М.: Детгиз, 1965.- 95 с.

Ол туралы әдебиеттер тізімі:

1. Қирабаев С. Сапарғали Бегалин: естеліктер / С. Қирабаев // Өмір тағылымдары. – Алматы, 2015. – 349 -358 б.
2. Жұртбай, Т. Тәлімді талант (Сапарғали Бегалин) / Т. Жұртбай // Жансар : эсселер мен естеліктер. - Алматы, 2020. - 39-45 б.
3. Сапекең / құраст. Г. Х. Бегалина. - Алматы : Жібек жолы, 2023. – 176 б.- сур.
4. Ибрайханова, А. Балалар әдебиетінің атасы / А. Ибрайханова // Абай. - 2023 - № 4. - 72-83 б.

Жазушы, әдебиеттанушы, балалар ақыны Өтебай Тұрманжановтың туғанына 120 жыл (1905-1978)



Өтебай Тұрманжанов 1905 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөген ауданы, Жалғызбағаш деген ауылда туған.

Ташкентте №4 жетім балалар үйінде тәрбиеленген. 1925 жылы Мәскеуде КУТВ (Шығыс еңбекшілері Коммунистік университетін) бітірген соң, Ташкенттегі Орта Азия Коммунистік университетінде оқыған. 1931 жылы Алматыға келіп, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында әдебиет пәнінен сабақ береді. Педагогикалық қызметте жүріп, Қазақ мемлекеттік баспасының оқу-әдістемелік секторын басқарады. «Әдебиет майданы» журналы редакторының орынбасары, редактор қызметтерін атқарған. Ұзақ жылдар бойы «Жазушы» баспасында бөлім бастығы болып істеді.

Елуге тарта кітап шығарды. «Қошан кедей» атты әңгімелер жинағы 1927 жылы жарық көрген. «Қарлығаш» (1932) ертегі-кітапшасынан бастап, балаларға арналған көптеген өлең-тақпақ, ертегі, әңгіме, повесть, мысал, дастандар жазды. Олардың ішінде «Пулемет», «Сұңқар түлектер», «Жауқазын», «Кұралай», «Ұршық» тағы да басқа шығармалары бар.

Тандамалы өлеңдері мен дастандарының бірінші томы 1936 жылы, екінші томы 1957-1975 жылдары шыққан. Қазақтың мақалдары мен мәтелдерін жинап, бастырған (1935, 1980). Ертегілерді өңдеп, жариялады. «Құмырсқалар, аралар – қиыспас дос, құдалар» атты мысал-дастаны көптеген тілдерге аударылды. Ересектерге арналған өлеңдері «Пулемет» 1933 жылы республикалық жабық байқауда бәйгені жеңіп алған. Сондай-ақ, «Карл», «Қыран қыз», «Байғыз» атты поэмалары бар.

Еңбек Қызыл Ту орденімен, көптеген медальдармен марапатталған.

Өтебай Тұрманжанов 1978 жылы 17 наурызда өмірден озған.

Қазақ тіліндегі әдебиеттер тізімі:

1. Әлем халықтарының мақал-мәтелдері / құраст.: Ө. Тұрманжанов. – Алматы : Балауса, 2012. - 352 б. - (Әлем балалар әдебиеті).
2. Біздің Ғани / Ө. Тұрманжанов // Тарту: әңгімелер жинағы / құраст.: Д. Досжанов. - Алматы : Жазушы, 1967. - 160 б.
3. Бозша торғай : балалар үшін өлеңдер / Ө. Тұрманжанов.- Алматы : Жазушы, 1970. - 176 б.
4. Ғани Мұратбаев. Өмірі мен қызметі. Есте қалғандар // Ө. Тұрманжанов. - Алматы : Қазақ мемлекет баспасы, 1957. - 46 б.
5. Жаңа туған жас бұлақ : өлеңдер, өлең-ертегілер / Ө. Тұрманжанов. - Алматы : Жазушы, 2003 - 160 б. - (Қазақ балалар әдебиетінің қазынасы).
6. Жауқазын : өлеңдер, ертегілер, аңыздар / Ө. Тұрманжанов. - Алматы : Жазушы, 1973. - 208 б.
7. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері / құраст.: Ө. Тұрманжанов. – Алматы : Білім, 2009. - 272 б.
8. Қарлығаш / Ө. Тұрманжанов. - Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958. - 50 б.
9. Кел балалар, күлейік! / Ө. Тұрманжанов // Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы / құраст.: Б. Қошым-Ноғай.- Алматы, 2021.- Т.2: Ағайынбыз бәріміз. – 51 б.
10. Құмырсқалар, аралар- қиыспас дос, құдалар : ертегі / Ө. Тұрманжанов. - Алматы : Олжас, 2012. - 15 б.
11. Құралай : өлеңдер / Ө. Тұрманжанов. - Алматы : Жалын, 1978. - 120 б.

12. Кірпі / Ө. Тұрманжанов // Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы / құраст.: Б. Қошым-Ноғай.- Алматы, 2021.- Т.2: Ағайынбыз бәріміз. – 53 б.

12. Таңдамалы : өлеңдер мен поэмалар / Ө. Тұрманжанов. - Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958. - 240 б.

14. Таңдамалы шығармалар / Ө. Тұрманжанов. - Алматы : Жазушы, 1965. - 356 б.

15. Төрт түлікті қалай шақырады / Ө. Тұрманжанов // Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы / құраст.: Б. Қошым-Ноғай.- Алматы, 2021. - Т.2: Ағайынбыз бәріміз. – 52 б.

Орыс тіліндегі әдебиеттер тізімі:

1. Моя книга : стихи и сказки / У. Турманжанов . – Алма-Ата : Жазушы, 1965. - 64 с.

2. Ошибка Алмабека : рассказ / У. Турманжанов. - М. : Дет. лит., 1968. – 64 с.

3. Просторы родные : стихи / У. Турманжанов - Алма-Ата: Казгослитиздат, 1957. - 128 с.

4. Веретено: стихи и сказки / У. Турманжанов. - Алма-Ата : Жалын, 1990. - 70 с.

5. Золотой топор : стихи и сказки / У. Турманжанов. - Алма-Ата: Жазушы, 1969. - 53 с.


6. Птица счастья : казахские народные сказки для детей / сост. У. Турманжанов - Алма-Ата : Жазушы, 1965. - 96 с.

Ол туралы әдебиеттер тізімі:

1. Ергөбеков, Қ. Өтебай Тұрманжанов / Қ. Ергөбеков. - Алматы : Рауан, 1992. - 112 б. – (Сенің сүйікті жазушың).

2. Ергөбек, Қ. Балдай жыр - балаларға / Қ. Ергөбек // Адамның бір қызығы бала деген... : қазақ балалар әдебиеті мәселелері - Нұр-Сұлтан, 2021. – 116-135 б.

ҚР Халық жазушысы, аудармашы, публицист, балалар кітаптарының авторы Сәуірбек Бақбергеновтың туғанына 105 жыл (1920-1997)



Сәуірбек Бақбергенов 1920 жылы 15 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында дүниеге келген. Түркістан жетім балалар үйінде тәрбиеленген. Кейін Түркістан қаласындағы теміржолшылар мектебін, педагогика училищесін

бітірген соң Подольск жаяу әскер училищесін бітірген.

1939 жылы әскерге шақырылған, 1941 жылы Ұлы Отан соғысында Мәскеу түбіндегі шайқаста 8-гвардиялық панфиловшылар дивизиясының 23-гвардиялық полкінде взвод командирі, штабта ерекше тапсырма орындайтын байланысшы офицері болған.

Соғыстан кейін туған еліне оралып, «Социалистік Қазақстан» газетінде, «Жазушы» баспасында тілші, редакция меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1950 жылы жариялаған «Талғат» повесін екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алған ұшқыш Талғат Бегелдиновтің өміріне арнаған. Одан соң соғыс тақырыбында «Менің достарым», «Қарға тамған қар», «Алтын күрек», «Барлаушылар», «Белгісіз солдат», «Жанғожин» атты шығармаларын жазды.

Жазушының сүйіп жазған тақырыбының бірі – спорт тақырыбы, ол уақытта бұл тақырып қазақ әдебиеті үшін әлі игерілмеген тың тақырып болған еді.

С.Бақбергеновтің «Мейірімді анам» романының негізінде қазақ аспаптық музыкасының негізін қалаушы, аты аңызға айналған Құрманғазы Сағырбаевтың шәкірті - атақты қазақ домбырашысы Дина Нұрпейісованың өмірі мен шығармашылығына арналған «Дина» балаларға арналған повесін жазған.

Жазушы «Бозторғай» әңгімесінде әнші, композитор Кенен Әзірбаевтың өмірі туралы жазса, көркем өмірбаян жанрында Шоқан Уәлихановтың өмірі туралы үш әңгіме жазған: «Қоянкөл құлаған жұлдыз» («Звезда упала на Коянколь»), «Мен сізді сүйемін» («Я вас люблю»), «Тараз көгершіндері» («Голубки Тараза»). Жазушы ғалым, этнограф, саяхатшының өміріндегі қызықты сәттерін, демократтың жеке қасиеттерін жазған.

Социалистік Еңбек Ері атағын екі мәрте алған Н.Алдабергеновке арналған «Адам және көлеңке» романы жарық көрді. Соғыс жылдарындағы Кеңес жауынгерлерінің ерліктеріне арнап «Қардағы қан», «Алтын күрек», «Белгісіз солдат», «Жанғожин», «Разведчики»; рассказы «Исповедь героя», «Слезы верблюдицы», «Ночная ворожба» т.б. әңгімелері бар.

Жастарды адамгершілікке адалдыққа, отансүйгіштікке баулитын, замандастар жайлы ой толғайтын, тарих қойнауынан сыр шертетін және Ұлы Отан соғысы тақырыбын арқау еткен 20-ға жуық романдары мен повестері бар. Көптеген шығармалары орыс, белорусь, грузин, эстон, башқұрт тілдеріне аударылған.

С.Бақбергенов көркем аударма саласында да жемісті еңбек етіп, М.Горькийдің, У.Фолькнердің, В.Короленконың бірқатар шығармаларын қазақшаға аударған.

Жазушының «Бөрік киген түлкі» ертегісі 2021 жылы Б.Көшім-Ноғай құрастырған, «Әдебиет баспа үйі» баспасынан жарық көрген «Қазақ балалар әдебиетінің антологиясының» 4-томына енген. С.Бақбергенов Отан алдындағы ерлігі мен әдебиетке сіңірген еңбегі үшін І-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және төрт мәрте Қазақстан Жоғары Кеңесінің Құрмет Граммотасымен марапатталған. 1996 жылы Қазақстанның халық жазушысы атағына ие болды. Жазушы 1997 жылы Алматы қаласында дүниеден өтті.

Қазақ тіліндегі әдебиеттер тізімі:

1. Ақ боз атты ару : роман / С. Бақбергенов. - Алматы : Жалын, 1986. - 280 б.
2. Әнші бала : әңгімелер / С. Бақбергенов. - Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956. - 97 б.
3. Белгісіз солдат : деректі повестер мен әңгімелер / С. Бақбергенов. - Алматы : Жазушы, 1977. - 262 б.
4. Бозторғай / С. Бақбергенов. - Алматы : Өнер, 1981. – 96 б.
5. Бөрте - Шыңғысхан жұбайы : повестер мен әңгімелер / С. Бақбергенов. - Алма-Ата : Жазушы, 1993. - 384 б.
6. Бөрік киген түлкі / Б. Бақбергенов // Алтын бесік : қазақ жазушыларының балаларға арналған әңгімелері. - Алматы : Жазушы, 2003. – 44-53 б.
7. Бөрік киген түлкі / Б. Бақбергенов // Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы / құраст.: Б. Қошым-Ноғай. - Алматы, 2021.- Т.4: Ғажайып құмыра.- 171-179 б.
8. Дина / С. Бақбергенов. - Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1957. - 253 б.
9. Екі томдық шығармалар Т.1. Қарға тамған қан / С. Бақбергенов. - Алматы : Жазушы, 1980. - 432 б.
10. Екі томдық шығармалар Т.2. Адам және көлеңке / С. Бақбергенов. - Алматы : Жазушы, 1980. - 521 б.
11. Қазығұрттың басында кеме қалған...: Шымкент облысы туралы кітап / С. Бақбергенов. - Алматы : Жалын, 1984. - 120 б. - (Менің Қазақстаным).
12. Қарға тамған қан : роман / С. Бақбергенов. – Астана : Елорда, 2000. - 352 б.
13. Қасиет : әңгімелер / С. Бақбергенов. - Алматы : Жазушы, 1966. - 103 б.
14. Қоянкөлге құлаған жұлдыз : повесть және әңгімелер / С. Бақбергенов. - Алматы : Жазушы, 1965. - 112 б.

15. Он үшінші ойыншы: повесть / С. Бакбергенов. – Алматы: Жалын, 1979. - 213 б.

16. Өзіміздің жігіттер : әңгімелер мен очерктер / С. Бакбергенов. - Алматы : Көркем әдебиет, 1958. - 130 б.

Орыс тіліндегі әдебиеттер тізімі:

1. Дина: повесть / С. Бакбергенов; пер. Г. Каримова. – М.: Дет. лит., 1974. - 143 с.

2. Добрая моя мама : роман / С. Бакбергенов. – Алма-Ата : Жазушы, 1966. - 299 с.

3. Запасной игрок : роман, повести и рассказы / С.Бакбергенов. - Алма-Ата : Жазушы, 1990. - 559 с.

4. Кровь на снегу : роман в новеллах / С. Бакбергенов ; пер. А. Орлов. - Алма-Ата : Жазушы, 1970. - 360 с.

5. Отец и сын : повести / С. Бакбергенов. - М.: Сов. писатель, 1985. - 272 с.

6. Сказание о золотом человеке : повесть-легенда / С. Бакбергенов. - Алма-Ата : Жалын, 1989. - 56 с.

7. След на земле : повести / С. Бакбергенов. - Алма-Ата : Жалын, 1981. - 280 с.

8. Смерть Темирлана / С. Бакбергенов. - Алма-Ата : Казахстан, 1992. - 80 с.

Ол туралы әдебиеттер тізімі (интернет желісінен):

1. С. Бакбергеновтің өзіндік қолтаңбасына, стиль ерекшеліктеріне талдау жасау, баға беру: <https://stud.kz/referat/show/123591>

2. Өнегелі адамдар образын жасаған жауынгер жазушы Сәуірбек Бакбергенов: <https://stud.baribar.kz/13625/oenegeli-adamdar-obrazyn-zhasaghan-zhauynger-zhazushy-sauirbek-baqbergenov/>

Балалар жазушысы Сансызбай Сарғасқаевтың туғанына 100 жыл (1925-1995)



Сансызбай Биболатұлы Сарғасқаев 1925 жылы 29 сәуір Жамбыл облысы, Қордай ауданының Сұлутөр ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыстан оралғаннан кейін журналистика бағытында жұмыс істеген. 1946-1949

жылы «Красногорец» газетінде әдеби қызметкер, жауапты хатшы, 1949-1960 жылы «Қазақстан пионері» газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактор, 1960-1968 жылы «Лениншіл жас» газетінде, «Жұлдыз» журналында жауапты хатшы қызметтерін атқарған.

Балаларға арналған: 1953 ж. «Достар», 1956 ж. «Бір отрядта», 1959 ж. «Сәуленің жаңа достары», 1963 ж. «Ақиқат», 1966 ж. «Көңілді балалар», 1970 ж. «Бір көшенің балалары», 1972 ж. «Биіктен биікке», 1974 ж. «Тәмпіш қара», 1975 ж. «Алғашқы асулар» атты повестері мен әңгімелері бар.

1979 жылы «Ұстаз» романы, ал 1983 жылы «Сұлутөр» романы жарыққа шықты. С.Сарғасқаевтың бір қатар шығармалары орыс тіліне аударылған. 1958 жылы «Бір отрядта» және «Сәуленің жаңа достары» повестері орыс тілінде жеке кітап болып, қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан басылып шықты.

2021 жылы балалар жазушысы Б.Көшім-Ноғайдың құрастыруымен «Әдебиет баспа үйі» баспасынан жарық көрген «Қазақ балалар әдебиеті антологиясының» 7 томына «Тәмпіш қара» повесі енген.

Қазақ тіліндегі әдебиеттер тізімі:

1. Алғашқы асулар / С. Сарғасқаев. - Алматы : Жазушы, 1975. - 416 б.
2. Біз төртеу едік : повесть / С. Сарғасқаев. - Алматы : Жазушы, 1969. - 172 б.
3. Жердегі жұлдыздар : очерктер / С. Сарғасқаев. – Алматы : Қазақстан, 1965. - 223 б.
4. Жұмбақ қыз : повестер / С. Сарғасқаев. - Алматы : Ана тілі, 2005. - 272 б.
5. Көңілді балалар / С. Сарғасқаев. - Алматы: Жазушы, 1966. - 464 б.
6. Қағаз бен қалам : әңгімелер мен мысалдар / С. Сарғасқаев; суретші. Ғ. Баясова. - Алматы: Жалын, 1984. - 64 б. : цв. ил. - (Кел, балалар, оқылық).
7. Қайсар қыз : повестер / С. Сарғасқаев. - Алматы : Балауса, 1992. - 576 б.
8. Сұлутөрдің балалары / С. Сарғасқаев. - Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1957. - 84 б.
9. Сынған тіс / С. Сарғасқаев. - Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1963. - 128 б.

10. Тәмпіш қара : повестер мен ертегі / С. Сарғасқаев. - Алматы : Жазушы, 2003. - 224 б.

11. Тәмпіш қара / С. Сарғасқаев // Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы / құраст.: Б. Қошым-Ноғай.- Алматы, 2021.- Т.7: Ортаншы ұл.- 364-437 б.

12. Фермада / С. Сарғасқаев // Түлектер / А. Байтанаев. - Алматы : Көркем әдебиет, 1957. - б. 3-5.

Орыс тіліндегі әдебиеттер тізімі:

1. В одном отряде. Новые друзья Сауле / С. Саргаскаев. – Алма-Ата : Казгослитиздат, 1958. - 143 с.

2. Мы с одной улицы / С. Саргаскаев. - Алма-Ата : Жазушы, 1967. - 148 с.

Ол туралы, интернет ресурстардан:

1. С. Сарғасқаевтың өмірі мен жазушылық қызметі:
<https://stud.baribar.kz/13155/s-sarghasqaevtynh-oemiri-men-zhazushylyq-qyzmeti/>

2. Сансызбай Саргаскаев:
<https://begemot.ai/projects/444230-sansyzbai-sargaskaev>

Ақын, жазушы Қадыр Мырза Әлидің туғанына 90 жыл (1935-2011)



Қадыр Ғинаятұлы Мырза Әли 1935 жылы 5 қаңтарда Орал облысының Жымпиты кентінде туған. Ақын Қазақстанның халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері.

1958 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін аяқтаған. Еңбек жолын балалар журналы «Балдырғаннан» бастаған. «Жұлдыз» журналы редакциясында поэзия және сын бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, 1968-1973 жылдары «Жазушы» баспасында қазақ поэзиясы бөлімінің меңгерушісі, «Балауса» баспасының редакторы, кейін Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясының кеңесшісі қызметтерін атқарған. 1966 жылы «Ой орманы» жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығы берілді. 1980 жылы «Жерұйық» жыр кітабы

үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанып, 2001 жылы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығын алған.

Ақынның алғашқы туындысы 1954 жылы республикалық «Пионер» балалар журналында жарияланған, жетпістен астам поэзиялық, прозалық, сондай-ақ әдеби-сын кітаптары жарық көрген, өлеңдері мектеп оқулықтарына енген. Ал, әнге арнап жазылған өлеңдерінің саны 200-ден асады. Әнге жазылған өлеңдері «Күндер-ай» атты жеке кітап болып басылып шықты. Талантты ақынның қаламынан халық фольклорының атақты күлдіргі кейіпкері Алдар көсе жайлы «Сақал саудасы», «Қасқыр қақпан» атты өткір сатиралы комедия мен Махамбеттің ең соңғы азапты күндеріне арналған «Жаралы жолбарыс» және «Әмір Темір» кесек драмалық шығармалары да жарық көрді. Тұңғыш «Көктем» жинағы 1959 жылы жарық көрген.

Ақынның таңдаулы өлеңдері ағылшын, француз, неміс, поляк, болгар, венгер, фин тілдеріне аударылған. Орыс тілінде «Бессонница» (1967), «Белая юрта» (1968), «Соловьиный сад» (1971), «Степные пути» (1975), «Твой дом» (1976), «Верхняя струна домбры» (1976), «Ладони» (1984), «Нижняя струна домбры» (1985) кітаптары жарық көрсе, өзбек тілінде «Күміс қоңырау» (1975), қырғыз тілінде «Алақан» (1979), әзербайжан тілінде «Бұлбұл бағы» (1980), моңғол тілінде «Шымыр жаңғақ» секілді еңбектері басылып шыққан, оннан аса кітабы бұрынғы КСРО халықтарының көптеген тілдеріне аударылып, Ташкент, Баку, Бішкек, Алматы, Мәскеу қалаларында басылып шықты.

Сондай-ақ, ақынның көркем аударма саласында да жемісті еңбектері көп. Әлемдік әдебиет ғұламаларының шығармаларын қазақ тіліне аударған.

1966 жылы «Ой орманы» өлеңдер жинағы үшін Қадыр Мырза Әліге Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағы берілді. 1980 жылы «Жерұйық» жыр кітабы үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанып, 2001 жылы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығына ие болды. 1993 жылы Қадыр Мырза Әлі әлемдік поэзияға қосқан аса зор еңбегі үшін Моңғолияның халықаралық «АВЪЯС» сыйлығын алды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне екі рет депутат болып сайланып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының мүшесі болды.

Ақынның он алты томдық таңдамалы жинағы жарық көрген, 2003 жылы Санкт-Петербургтің «Славия» баспасында «Прапамять» атты бір томдығы орыс тілінде басылып шықты.

Қазақ тіліндегі әдебиеттер тізімі:

1. Ақ Отау : өлеңдер / Қ. Мырзалиев . - Алматы : Жазушы, 1968. – 175 б.
2. Алаштың арманы / Қ. Мырза Әли. - Алматы : Санат, 2001. - (Жыр - дария).
3. Алтын балық =Золотая рыбка/ Қ. Мырзалиев ; ауд.: А. Бельгер, С. Голиков. - Алматы : Алматыкітап, 2002. - 39 б.
4. Алтын омырау : өлеңдер / Қ. Мырза Әли. - Алматы: Жазушы, 2003. - 160 б. - (Қазақ балалар әдебиетінің қазынасы).
5. Ана тілі. Қырықаяқ. Қайсысы қайда барады? / Қ. Мырза Әли // Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы / құраст.: Б. Қошым-Ноғай.- Алматы, 2021. – Т.3.- 3-6 б.
6. Аңқау қасқыр = Глупый волк : ертегі / Қ. Мырза Әли ; ауд. Г. Бельгер ; суретші А. Дүзелханов. - Алматы : Атамұра, 2003. - 12 б.
7. Біреуге ор қазба = Не рой яму другому : ертегі / Қ. Мырза Әли; суретші Е. Оспанұлы ; ауд. Г. Бельгер. - Алматы : Атамұра, 2003. - 12 б.
8. Домбыра / Қ. Мырзалиев . - Алматы : Жазушы, 1974. – 160 б.
9. Еңіреп өткен ерлер-ай... : өлең-тарих, өлең-портреттер / Қ. Мырза Әли. - Алматы : Арыс, 2001. - 112 б.
10. Жазмыш / Қ. Мырза Әли. - Алматы : Қазығұрт, 2001. – 464 б.
11. Жерұйық : жыр кітабы / Қ. Мырзалиев . - Алматы: Жалын, 1976. - 184 б.
12. Жоғарыла, жасқанба! : өлеңдер / Қ. Мырза Әли. – Алматы : Балауса, 2001. - 144 б.
13. Құлақ не үшін керек? = Для чего нужны уши? = What the ears are for? / Қ. Мырза Әли ; суретші О. Грачева. - Алматы : Алматыкітап, 2010. - 40 б.
14. Күміс қоңырау : өлеңдер, мысалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, диалогтар, мазақтамалар / Қ. Мырзалиев. - Алматы : Жазушы, 1970. - 376 б.
15. Қу түлкі мен ұмытшақ аю : ертегі = Хитрая лиса и медведь - растяпа : сказка / Қ. Мырза Әли; суретші. А. Дүзелханов. - Алматы : Атамұра, 2003. - 12 б.
16. Қылыш пен қанжар : өлеңдер кітабы / Қ. Мырзалиев. – Алматы : Жалын, 1991. - 288 б.
17. Қызыл кітап : өлеңдер / Қ. Мырзалиев . - Алматы : Жалын, 1983. - 192 б.

18. Мазақтамалар. Жұмбақтар. Жаңылтпаштар /Қ. Мырза Әли // Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы / құраст.: Б. Қошым-Ноғай.- Алматы, 2021. – Т.3.- 7-11 б.
19. Менің алғашқы әліппем / Қ. Мырза Әли. - Алматы : Алматыкітап, 2016. - 41 б.
20. Овидий, П. Өлеңдер / Публий Овидий ; ауд. Қ.Мырзалиев. - Астана : Аударма, 2002. - 64 б.
21. Ой орманы : өлеңдер / Қ. Мырзалиев . - Алматы : Жазушы, 1965. - 176 б.
22. Өлеңдер, ертекттер, мысалдар, мазақтамалар, жұмбақтар, жаңылтпаштар / Қ. Мырза Әли. - Алматы : Балауса, 1993. - 496 б.
23. Суретті әліппе / Қ. Мырза Әли ; суретші. Н. Айымбет. – Алматы : Балалар әдебиеті, 2006. - 111 б.
24. Санап үйренеміз = Учимся считать / Қ. Мырза Әли; суретші Б. Ералиева. - Алматы : Алматыкітап, 2012. - 48 б.
25. Таңдамалы жинақтар Т.1 / Қ. Мырза Әли. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2006. - 364 б.
26. Таңдамалы жинақтар Т.2 / Қ. Мырза Әли. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2006. - 392 б.
26. Таңдамалы шығармалар / Қ. Мырзалиев. - Алматы : Айғаным, 2014. - 216 б.
27. Таңдамалы туындыларының көп томдығы Т.1. Күміс қоңырау / Қ. Мырза Әли. - Алматы: Қазығұрт, 2001. - 480 б.
28. Таңдамалы туындыларының көп томдығы Т.2. Алтын Омырау / Қ. Мырза Әли. - Алматы: Қазығұрт, 2001. - 448 б.
29. Таңдамалы туындыларының көп томдығы Т.3. Ақ Отау; Бұлбұл бағы; Ой орманы; Алақан / Қ. Мырза Әли. - Алматы : Қазығұрт, 2001. - 392 б.
30. Таңдамалы туындыларының көп томдығы Т.4. Дала дидары; Алаштың арманы / Қ. Мырза Әли. - Алматы : Қазығұрт, 2001. - 392 б.
31. Таңдамалы туындыларының көп томдығы Т.5. Домбыра; Жұмыр жер / Қ. Мырза Әли. - Алматы : Қазығұрт, 2001. - 400 б.
32. Таңдамалы туындыларының көп томдығы Т.6. Қорамсақ; Көкпар; Қызыл кітап / Қ. Мырза Әли. - Алматы : Қазығұрт, 2001. - 464 б.
33. Таңдамалы туындыларының көп томдығы Т.7. Мәңгі майдан; Өулетім-дәулетім / Қ. Мырза Әли. - Алматы : Қазығұрт, 2001. - 472 б.
34. Таңдамалы туындыларының көп томдығы Т.8. Қылыш пен қанжар; Күндер-ай / Қ. Мырза Әли. - Алматы : Қазығұрт, 2001. - 504 б.
35. Таңдамалы туындыларының көп томдығы Т.9. Ақырзаман / Қ. Мырза Әли. - Алматы : Қазығұрт, 2001. - 448 б.

36.Таңдамалы туындыларының көп томдығы Мың бір мұң / Қ. Мырза Әли. - Алматы : Қазығұрт, 2001. - 440 б.

37.Таңдамалы туындыларының көп томдығы Т.11. Алмас жерде қалмас; Үкілі үзінділер; Сөзмерген; Гибратнәмә / Қ. Мырза Әли. - Алматы : Қазығұрт, 2001. - 496 б.

38.Таңдамалы туындыларының көп томдығы Т.12. Жазмыш; Жиырмасыншы ғасыр бізге не қалдырды? / Қ. Мырза Әли. - Алматы : Қазығұрт, 2001. - 464 б.

39.Үш томдық шығармалар жинағы Т.1. Ақ Отау; Бұлбұл бағы; Ой орманы; Дала дидары; Жерұйық / Қ. Мырзалиев. - Алматы: Жазушы, 1989. - 448 б.

40.Үш томдық шығармалар жинағы Т.2. Домбыра; Алақан / Қ. Мырзалиев. - Алматы: Жазушы, 1989. - 432 б.

41.Үш томдық шығармалар жинағы Т.3. Қорамсақ. Көкпар. Қызыл кітап / Қ. Мырзалиев. - Алматы: Жазушы, 1990. - 432 б.

42.Шымыр жаңғақ: өлеңдер / Қ.Мырзалиев; суретші. Б. Мухамедиев. - Алматы: Мектеп, 1984. - 88 б.

43.Шырғалаң / Қ. Мырза Әли. - Алматы : Жазушы, 2004. - 336 б.

Орыс тіліндегі әдебиеттер тізімі:

1. Таблица Менделеева / К. Мырзалиев // Казахская литература: учебник - хрестоматия. Ч.2 - 3-е изд. - Астана: Фолиант, 2013. – С. 24. - (Профессиональное образование).

Ол туралы әдебиеттер тізімі:

1. Қорғасбек Жүсіпбек. Қыш адам / Ж. Қорғасбек // Қыш адам : әдеби эсселер мен өмірбаяндық хикаяттар. – Алматы, 2021. – 52 - 70 б.

2. Алдабергенқызы Таңсұлу. Мен ақынға қызмет жасаған жанмын... / Т. Алдабергенқызы // Әйелмен әлем әдемі. - Алматы, 2018. – 126 - 132 б.

Жазушы, журналист Виталий Старковтың туғанына 90 жыл (1935-2011)



Виталий Васильевич Старков 1935 жылы Семей қаласында дүниеге келген. Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институтының сценарлық факультетінде оқыған. Еңбек жолын Семей облысы Мақаншы ауданының мәдениет бөлімінің басшысы болып бастаған, кейін «Қазақ-

фильм» киностудиясының аға редакторы, «Жазушы» баспасының редакторы қызметтерін атқарған. 1978 жылдың қаңтарынан бастап «Простор» журналының сын бөлімінде редактор болған.

Виталий Васильевич балалар мен жасөспірімдерге арналған «Иртышские подсолнушки» (1971), «Абитуриенты» (1974) повестерінің, «Что с тобой, мальчик?» (1977), «После вешней воды» (1979) әңгімелер жинағының авторы.

Оның сценарийі бойынша «Қазақфильм» киностудиясында 1959 жылы «Это наш сын» көркем фильмі түсірілген, фильмде қазақ отбасыларының мәселелері талқыланды.

1971 жылы оның алғашқы «Иртышские подсолнушки» кітабы жарық көрді. Кітапқа соғыс өрті шарпыған балалық шақтың қуанышы мен қайғы-қасіреті, бала Лени мен оның жолдастарының өмірдегі алғашқы қадамдары туралы әңгімеленген. 1974 жылы «Абитуриенттер» повесі басылып шықты, онда жазушы жас батыр-талапкерлердің ішкі рухани әлемін тамаша аша білген.

Соғыс тақырыбы жазушы үшін өмір жолындағы толқыныс, уайым ғана емес, ол тарихи сипаттағы наным-сенім, жолдары. Осы тақырыптағы шығармалары арқылы жазушы адамгершілік мәселелерді баяндайды, уақыт байланысын, ұрпақтар сабақтастығын бекітеді.

2005 жылы отбасы жағдайына байланысты ол қызына Израильге көшіп келген, бірақ оның ойы мен жүрегі Алматыда болған, себебі бұл қалада оның кітаптары шыққан, оқырмандары бар.

Виталий Васильевич 2011 жылы 77 жасында қайтыс болды. Израильде Кармиэль қаласының маңында жерленген.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абитуриенты: повесть / В. Старков; худож. Г. Горелов. – Алма-Ата: Жазушы, 1974. - 152 с.
2. После вешней воды: повести, рассказы / В. Старков; худож. М. Искаков. - Алма-Ата: Жазушы, 1979. - 208 с.
3. Что с тобой, мальчик? : повесть / В. Старков ; худож. А. Долгополов. - Алма-Ата: Жалын, 1977. - 128 с.

Балалар ақыны Оразақын Асқардың туғанына 90 жыл (1935-2019)



Оразақын Асқар 1935 жылы 16 мамырда Іле аймағына қарасты Мүкей Қаратас ауылында (ҚХР) дүниеге келген. Бастауыш білімді Сарыбұлақ мектебінде алып, Құлжа қаласындағы «Білім жұрты» деп аталатын гимназияда оқыған. 1951 жылы Үрімші қаласында ашылған Ұлттар институтының тіл және әдебиет факультетіне түсіп, оның екінші курсын аяқтағаннан кейін «Шыңжаң газеті»

редакциясында қызмет атқарған. Осы газет беттеріне және «Шұғыла» журналына өлеңдері жиі жариялана бастаған.

1955 жылы ата-мекені Қазақстанға көшіп келіп, 1961 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіріп шығады. 1955 жылы жарық көрген «Қос жүрек» атты жас ақындардың ұжымдық жинағына өлеңдері енген. Көптеген жылдар Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, этнография және археология институтында кіші ғылыми қызметкер болған, содан соң Қазақстан Жазушылар одағының көркем әдебиетті насихаттау бюросында нұсқаушы, республикалық Кітап палатасында бөлім меңгерушісі, «Жалын» баспасында аға редактор қызметтерін атқарған.

1977 жылы «Жалын» баспасынан «Ләйлә» атты балаларға арналған өлеңдер жинағы жарыққа шықты.

1996 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. «Ерен еңбегі үшін», «Тәуелсіздіктің 10 жылы» медальдарының иегері. Мұқағали атындағы сыйлықтың иегері, сондай-ақ, Панфилов ауданының Құрметті азаматы.

«Балауса» баспасында «Әдеби мұра» бағдарламасына орай, «Әлем балалар әдебиетінің» қазақ тіліндегі елу томдығын шығару жұмысына атсалысқан.

Ақын 2019 жылы Алматы қаласында дүниеден өтті.

Қазақ тіліндегі әдебиеттер тізімі:

1. Алтын абдыра : бесік жыры, тақпақтар, төрт түлік жыры, жаңылтпаштар, жұмбақтар, ертегілер / құраст. О. Асқар. - Алматы : Балауса, 2012. - 496 б.

2. Арғымақтар арыны : Түркі халықтары жазушыларының балаларға арналған шығармалары / құраст.О. Асқар. - Алматы : Балауса, 2011. - 400 б. - (Әлем балалар әдебиеті).
3. Атамекенге оралғанда : өлеңдер мен поэмалар / О. Асқар. – Алматы : Жалын, 2005. - 272 б.
4. Ауыл балалары мен қала балалары: өлеңдер, ертегілер, поэмалар, жұмбақтар, жаңылтпаштар / О. Асқар. – Алматы: Таймас, 2021. - 240 б. түс.сур.- (Балалар әдебиеті жылы).
5. Әлем халықтарының ертегілері / құраст. О. Асқар ; сур. С. Макаренко. - Алматы : Балауса, 2005. - 512 б. - (Әлем балалар әдебиеті).
6. Әріптер әлеміне саяхат / О. Асқар. - Алматы : Казинтерграф, 1998. - 43 б.
7. Әскердегі ағама / О. Асқар // Балдырған. - 2016. - №5. - 5 б.
8. Балаларым-бақытым : өлеңдер, ертегілер / О. Асқар. – Алматы : Алматыкітап, 2008. - 152 б.
9. Баркөрнеу : өлеңдер мен поэмалар / О. Асқар. – Алматы : Жалын, 1992. - 432 б.
10. Біздің әліппе / ред. О. Асқар; сурет. Б. Ералиева. – Алматы: Балауса, 2004. - 44 б.
11. Біздің мерекелер / О. Асқар. - Астана: Арман-ПВ, 2007.- 112 б.
11. Ел ішінде : өлеңдер мен поэмалар / О. Асқар. – Алматы : Жалын, 2008. - 240 б.
12. Елу ертегі : / құраст. О. Асқар. - Алматы : Ана тілі, 2005. – 96 б.
13. Елу ертегі. Жетпіс жұмбақ : балаларға арналған қысқа да нұсқа қазақ халық ертегілері мен жұмбақтары / құраст. О. Асқар. - Алматы : Ана тілі, 2008. - 104 б.
14. Жеткіншек : өлеңдер мен аңыз, ертегі, жаңылтпаш, жұмбақ, ойын, метаграммалар / О. Асқар. - Алматы : Балалар әдебиеті, 2005. - 111 б.
15. Жұмбақтар / О. Асқар // Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы / құраст.: Б. Қошым-Ноғай. - Алматы, 2021. – Т.3.- 23 б.
16. Киім / О. Асқар // Жыл он екі ай- 2018. - №2. - 26 б.
17. Күміс кебеже : Қазақ ақындарының балаларға арналған өлеңдері / құраст. О. Асқар. - Алматы : Балауса, 2008. - 432 б. - (Әлем балалар әдебиеті).
18. Қазақ ертегілері : аңыз, тұрмыс-салт, қиял-ғажайып, хайуанаттар туралы ертегілер / құраст. О. Асқар. - Алматы : Балауса, 2004. - 464 б.

19. Қазақ және әлем халықтарының ертегілері / құраст.: О. Асқар. - Алматы : Балауса, 2009. - 174 б.
20. Қазыналы керуен : қазақ жазушыларының балаларға арналған повесть, әңгемелері / құраст. О. Асқар. - Алматы : Балауса, 2008. - 424 б. - (Әлем балалар әдебиеті).
21. Қара өлең / құраст. О. Асқар. - Алматы : Жазушы, 1989. - 320 б.
22. Қара өлең : толықтырылып, өңделіп басылуы / құраст. О. Асқар. - Алматы : Жалын, 1997. - 640 б.
23. Қос қоңырау : өлеңдер, аңыз-ертегілер, поэмалар, жұмбақтар, жаңылтпаштар / О. Асқар. - Алматы : Атамұра, 2014. - 256 б. - («Атамұра» мектеп кітапханасы).
24. Логопедтік әліпби : тіл, дене жаттығулары, жаңылтпаштар және тақпақтар мектепалды және бастауыш сынып балаларына арналған / О. Асқар. - Астана : Арман-ІІВ, 2008. - 10 б.
25. Менің Отаным тәуелсіз Қазақстан / құраст. О. Асқар. - Алматы : Балауса, 2012. - 96 б.
26. Сәулет : өлеңдер мен поэмалар / О. Асқар. - Алматы : Жазушы, 1984. - 136 б.
27. Суретті әліппе / О. Асқар. - Алматы : Өнер, 1997. - 47 б.
28. Сүт сыйлықтары / О. Асқар. - Алматы : Балауса, 2005. - 16 б.
29. Таудай бол : өлеңдер / О. Асқар. - Алматы : Жалын, 1984. - 56 б.
30. Тәрбиеші / О. Асқар // Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы / құраст.: Б. Қошым-Ноғай. - Алматы, 2021. - Т.3. - 23 б.
31. Тәуелсіздік тартулары : өлеңдер мен поэмалар / О. Асқар. - Алматы : Өнер, 2001. - 112 б.
32. Ұлттық ойындар : балаларға арналған өлеңдер / О. Асқар. - Алматы : Балауса, 2005. - 39 б.
33. Ұяда нені көрсең... : балаларға арналған өлеңдер / О. Асқар. - Алматы : Балауса, 2005. - 31 б.

Орыс тіліндегі әдебиеттер тізімі:

1. Расты большим!: стихи / О. Асқар ; пер. Б. Каирбекова. - Алма-Ата: Жалын, 1989. - 88 с.

Ол туралы әдебиеттер тізімі:

1. Ыдырысова Ғ. Асқар Оразақын // Айгөлек. - 2019. - №4. - 4-5 б.
2. Асқар Л. Шексіз мейірім / Л. Асқар // Қазақ әдебиеті. - 2020. - 4 желтоқсан (N49). - 10-11 б.

**Суретші, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі, балалар
кітаптарының иллюстраторы Балтабай Табылдиевтің туғанына
85 жыл (1940-1994)**



Балтабай Табылдиев - графикалық суретші, балалар кітаптарының иллюстраторы.

Б. Табылдиев 1940 жылы 6 наурызда Қызылорда облысының Тереңөзек ауылында дүниеге келген. 1964 жылы Алматы көркемсурет училищесінің сән өнері бөлімін бітірген. 1958 жылдан бастап «Балдырған» журналының редакциясында суретші-рәсімдеуші болып жұмыс істеген, 1960 жылы Алматы қаласындағы қазақстандық графикалық суретшілер көрмесіне қатысқан. 1962 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық кітап көрмесінің II дәрежелі дипломын алған. 1965-1970 жылдары Б. Табылдиев Мәскеудің полиграфия институтында оқыған, институтта жақсы оқып қана қоймай, тапсырмаларға өзіндік көзқараспен қарау және жоғары орындау техникасымен ерекшеленеді.

Балтабай Табылдиевқа қазақстан графиктер мектебінің классигі деп баға берген.

Б. Табылдиев танымал қазақстандық балалар авторларының Қ. Мұқышевтың «Мысық неге етіксіз?», Ш. Смаханұлының «Рисунки Кулдергена», К.Ыдырысовтың «Тогда им было по тринадцать», А.Дүйсенбиевтің «Я не скряга», Т.Дәуренбековтың «Древние друзья-муравьи и птицы», А.Ахметовтың «Телефон», М. Әлімбаевтың «Алатау баурайында», М. Етекебаевтың «Үкі туралы ертегі» атты кітаптарын рәсімдеген. Оның жұмыстары қазақстандық балалар иллюстрациясының үздігі болып табылады.

Қазақ тіліндегі әдебиеттер тізімі:

1. Сурет әлемінде : альбом / Б. Табылдиев - Алматы : Балалар әдебиеті, 2003. - 80 б : ил. - (Өнерпаз).

Суретшінің еңбектері енген әдебиеттер тізімі:

1. Алдар Көсе мен Шықбермес Шығайбай : суретті кітапша / ред. А. Сыздық ; сур. Б. Табылдиев. - Алматы : Балалар әдебиеті, 2003. - 15 б : сур. - (Ертегілер елінде).

2. Алдар Көсе мен Шықбермес Шығайбай : қазақ ертегілері / сур. Б. Табылдиев. - Алматы : Жазушы, 2008. - 16 с. : цв. ил. - (Балаларға базарлық).

3. Ахметов Ә. Телефон / Ә. Ахметов ; сур. Б. Табылдиев. - Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. - 13 б : ил.
4. Әлімбаев, Мұзафар. Алатаудың баурайында / М. Әлімбаев ; сур. Б. Табылдиев. - Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. - 52 б : ил.
5. Әубәкіров, Оспанхан. Мылтық пен тұмсық / О. Әубәкіров ; сур. Б. Табылдиев. - Алматы : Жазушы, 2008. - 12 б. - (Балаларға базарлық).
6. Дәуренбеков, Танаш. Ежелгі достар- құмырсқа мен құстар : ертегі / Т. Дәуренбеков . - Алматы : Жазушы, 2008. - 16 с. - (Балаларға базарлық).
7. Етекбаев, Мұхаметжан. Жапалақ туралы ертегі / М. Етекбаев ; сур. Б. Табылдиев. - Алматы : Жазушы, 2008. - 8 б. - (Балаларға базарлық).
8. Жиренше мен хан / сур. Б. Табылдиев. - Алматы : Жазушы, 2008. - 16 с. : ил. - (Балаларға базарлық)
9. Жиренше мен хан : аңыз әңгімелер / сур. Б. Табылдиев. - Алматы : Жалын, 1989. - 19 б : ил.
10. Керқұла атты Кендебай : ертегі / сур. Б. Табылдиев. - Алматы : Жазушы, 2008. - 16 б. - (Балаларға базарлық).
11. Мұқышев К. Мысық неге етіксіз? / К. Мұқышев. - Алматы : Жазушы, 2008. - 8 б : цв. ил. - (Балаларға базарлық).
12. Қандеков, Есдәулет. Тұлпар тұяғы : өлендер, айтыстар, дастандар / Е. Қандеков. - Алматы : Жазушы, 1982. - 124 б.
13. Қаңбақ шал : ертегі / сур. Б. Табылдиев. - Алматы : Жазушы, 2008. - 16 б : цв. ил. - (Балаларға базарлық).
14. Қуырмаш / сур. Б. Табылдиев. - Алматы : Жазушы, 2008. - 16 с. - (Балаларға базарлық).

Ол туралы әдебиеттер тізімі:

1. Табылдиев Балтабай / ред. Н. Муханова // Художники книги Казахстана . - Алма-Ата. - 1967. – с. 30-31.

Балалар жазушысы Толымбек Әбдірайымның туғанына 70 жыл (1955)



Толымбек Әбдірайым 1955 жылы 12 қыркүйекте Семей облысының Аякөз қаласында туған. 1972 жылы №2 қазақ орта мектебін (қазіргі Дулат Бабатайұлы атындағы мектепті) бітірген. Аякөз автомобиль жөндеу зауытында, Б.Майлин ауылдық кеңесінде, Шұбартау аудандық «Жаңа өмір» газетінде, Талғар аудандық «Алатау жұлдызы», Алматы облыстық «Жетісу», республикалық «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, Көкшетау телерадио комитеттерінде еңбек еткен. «Қазақ әдебиеті» газетінің Астанадағы меншікті тілшісі болып қызмет істеген. 1991 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тамамдаған. 2006 жылдан бастап ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты «Жас өркен» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Астанадағы өкілетті өкілі.

Алғашқы әңгімелері мен очерктері 1970 жылдан бастап газет, журналдарда жарияланған. 1988 жылы «Елегізу» атты әңгімесі «Арман қанатында» жинағына енген. Балаларға арналған бес кітаптың авторы. Толымбек Әбдірайымның жүзден аса әңгімелері мен ертегілері «Балдырған», «Ұлан», «Ақ желкен», «Жыл он екі ай», «Ертегілер елінде», «Балапан әлемі», «Дружные ребята», «Балабек» атты республикалық балалар басылымдарында жарық көрген. «Еркешора», «Аюқұлақ», «Әуелеп ұшқан тырналар», «Жалқаулыққа кім үйір?» «Алабұға аулаған күн», «Дала әуені» кітаптарының авторы.

2013 жылы Мәскеу қаласының «Көркем әдебиет» баспасынан «Тәуелсіз Қазақстан: үш томдық заманауи әдебиет антологиясы» жинағы жарық көрді. Бұл жинаққа автордың үш әңгімесі енген: «Помощница», «Как Батыр за утятами ухаживал» және «Кривые гвозди».

Балалар жазушысы бірнеше Құрмет грамотасымен, Білім және ғылым министрлігінің «Ыбырай Алтынсарин» медалімен марапатталған. ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері.

Қазақ тіліндегі әдебиеттер тізімі:

1. Алабұға аулаған күн : хикаят, әңгімелер, ертегілер, мысалдар / Т. Әбдірайым. - Алматы : Балалар әдебиеті, 2012. - 256 б.
2. Әуелеп ұшқан тырналар : әңгімелер мен повесть / Т. Әбдірайым. - Алматы : Балауса, 2002. - 198 б.

3. Дала әуені : әңгімелер, ертегілер мен мысалдар, повесть / Т. Әбдірайым. - Алматы : Атамұра, 2015. - 256 б. - («Атамұра» мектеп кітапханасы).

4. Дала әуені : әңгімелер, ертегілер мен мысалдар, повесть / Т. Әбдірайым // Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы / құраст.: Б. Қошым-Ноғай. – Алматы, 2021. – Т.10. – 4 - 99 б.

5. Ержігіт неге көңілсіз? / Т. Әбдірайым // Жарты ғасырдың алтын қоры / құраст. .: А. Мұқибекұлы - Алматы : Баур, 2007. – 200 б.

5. Еркешора : әңгімелер, ертегілер, повесть / Т. Әбдірайым. – Алматы : Балауса, 1996. – 128 б.

6. Жалқаулыққа кім үйір? : ертегілер мен әңгімелер / Т. Әбдірайым. – Алматы : Баур, 2008. – 228 б. – (Балдырған).

7. Қисық шегелер. Аққоянның үйшігі. Екі жүз теңге /Т. Әбдірайым // Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы / құраст.: Б. Қошым-Ноғай. – Алматы, 2021. – Т.5. – 337-341 б.

8. Тағдыр сыйы : әңгімелер, хикаяттар, эсселер / Т. Әбдірайым. - Алматы : Дәуір, 2019. - 304 б. : сур.

9. Үш тал гүл : әңгімелер / Т. Әбдірайым // Балалар әңгімелерінің антологиясы құраст.: С. Қалиев. - Алматы : Атамұра, 2022. – 63 - 82 б.

Орыс тіліндегі әдебиеттер тізімі:

1. Летят журавли: рассказы, сказки, басни, повести / Т. Абдраим. - Алматы: Балалар әдебиеті, 2017. - 288 с.

Ол туралы әдебиеттер тізімі:

1. Алтай А. Бала жанының бағбаны / А. Алтай // Қазақ әдебиеті. - 2015. - 28 тамыз. - 6 б.

2. Бәбиханұлы Н. Өркен жаяр өнегелі шығармалардың авторы / Н. Бәбиханұлы // Қазақ әдебиеті. - 2023. - 24 қараша (N47). - 20 б.

3. Ерболат Е. Бар талантын балаларға арнаған / Е. Ерболат. // ORTALYQ QAZAQSTAN. - 2022. - 26 мамыр (N56). – 8 б.

4. Есенжол, А. Кітап оқуға көп уақыт бөлемін / А. Есенжол // Egemen Qazaqstan. - 2021. - 9 тамыз (N148). - 9 б.

5. Сейіл, А. Балалар әдебиеті мемлекеттік қолдауға зәру / А. Сейіл // Egemen Qazaqstan. - 2020. - 11 қараша (N56). - 12-13 б.

Мазмұны:

1.	Оқырманға	3
2	Қазақстан Республикасының мерекелік күндері	4
3	Қазақстан Республикасының маңызды және атаулы күндері	5
4.	Күні және айы белгісіз атаулы күндер	8
5.	2025 жылға арналған балаларға арналған шетелдік және ресейлік авторлардың, балалар кітаптары иллюстраторларының мерейтойлық күндері	9
6.	Қазақстандық авторлардың мерейтой кітаптары	10
7.	Шетелдік авторлардың мерейтой кітаптары	11
8.	Қазақстандық балалар жазушыларының-мерейтойлары мен балалар кітаптары иллюстраторларының шығармашылық қызметі туралы ақпараттық анықтама	12